

Балаларға қарсы зорлық-зомбылыққа қалай әрекет ету керек

Гайд



Санаттар

Спорт, психология

Өту уақыты

15 минут



Кіріспе

Жаттықтырушының жұмысы балалардың физикалық дағдыларын дамытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ олардың өсуі мен дамуы үшін қауіпсіз орта құруы керек. Дегенмен, өмірдің шындығы, кейде жаттықтырушылар балаға зорлық-зомбылық көрсететін жағдайларға тап болуы мүмкін.

Бұл нұсқаулық зорлық-зомбылықтың негізгі белгілерін тануға, оларға дұрыс жауап беруге және ең бастысы сіздің көмегіңізге мұқтаж адамды қорғауға көмектеседі.

Зорлық-зомбылықты қалай тануға болады?

Зорлық — бұл балаға физикалық немесе эмоционалдық зиян келтіретін кез келген әрекет немесе әрекетсіздік.

Зорлық-зомбылық әр түрлі тәсілдермен көрінуі және бір уақытта бірнеше нысандарды біріктіруі мүмкін екенін түсінген жөн. Зардап шеккендерді дер кезінде қорғау және кінәлілерді жауапқа тарту үшін оны тани білу маңызды.

Жаттықтырушы балаға күш көрсетілгенін қалай тани алады?

Спорт жаттықтырушысы баланың өмірінде маңызды рөл атқарады және ол болуы мүмкін зорлық-зомбылықтың алғашқы ескерту белгілерін байқайтын адам болуы мүмкін. Балаға дер кезінде қолдау көрсету және қажет болған жағдайда көмекке жүгіну үшін не нәрсеге назар аудару керектігін білу маңызды.

Физикалық зорлық-зомбылық

Балаға физикалық зорлық-зомбылық жасалуы мүмкін деп күдіктенуге болады, егер:

- Жарақаттардың (көгерген, күйік, кесілген) логикалық түсіндірмесі жоқ немесе қисынсыз түсіндірмелер пайда болады. Әсіресе зақымдану дененің жасырын бөліктерінде болса.
- Соққылардың, жаншудың немесе байлаудан қалған іздері бар (мысалы, арқандардан немесе таяқтардан).

- Белгілі спорттық жарақаттарсыз қозғалыстағы ауырсыну мен денем ауырып тұр деген шағымдары жиі кездеседі.
- Киім ауа-райына сәйкес келмейді (мысалы, жазда ұзын жеңдер киіп алса), бұл зақымдану белгілерін жасыру әрекеті болуы мүмкін.
- Мінез-құлық өзгереді: бала жаттығуларды жиі өткізе бастайды, ерте сұранып кетеді немесе физикалық байланыстан қашады.

Эмоционалды зорлық-зомбылық

Эмоционалды зорлық-зомбылықтың белгілері мыналарды қамтуы мүмкін:

- Мазасыздықтың жоғарылауы, жаттығудан қорқу, жиі көз жасына ерік беру.
- Тұйықталу, жаттықтырушымен, командамен немесе жеке адамдармен сөйлескісі келмеу.
- Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, жаттығуға мотивацияның болмауы.
- Ешқандай себепсіз жиі кешірім сұрау.
- Үлкендерден немесе белгілі бір адамдардан қорқу.

Баланың қажеттілігін елемудің белгілері

Кейде мәселе зорлық-зомбылықта емес, үлкендер тарапынан қамқорлықтың болмауынан туындайды. Назар аударған жөн, егер:

- Бала жаттығуға үнемі аш келеді немесе ауа-райына сәйкес келмейтін киіммен келеді.
- Оның гигиенасы нашар, спорттық формасы немесе аяқ киімі жоқ.
- Ол жиі кешігіп келеді немесе жаттығуды себепсіз өткізіп жібереді.
- Ол үнемі шаршап жүреді, селқос және ұйқысы қанбайды.

Сексуалдық зорлық-зомбылық

Жыныстық зорлық-зомбылық болуы мүмкін деген белгілер:

- Қол тигізуден қорқу, жұптық жаттығулардан бас тарту.
- Жасына сәйкес келмейтін мінез-құлық немесе білім.
- Киінетін жер және душ қабылдайтын жерден қорқу.
- Белгілі себепсіз интимдік аймақтардағы ыңғайсыздыққа немесе ауырсынуға шағымдар.
- Күтпеген сыйлықтар немесе белгісіз көзден ақшалардың түсуі.

Қудалау және әлеуметтік қысым

Бала құрдастарының қорлауынан зардап шегуі мүмкін. Мұны байқауға болады, егер ол:

- Оқшауланған, қарым-қатынастан қашатын болса.
- Бұзақылық пен келемежге шағымданатын болса.
- Басқа балалар тарапынан агрессия жасалады не ашық түрде елемейді.

Маңызды!

Зорлық-зомбылық әр түрлі тәсілдермен көрінуі мүмкін және әрқашан айқын бола бермейді. Көбінесе симптомдар аралас көрінеді. Жаттықтырушылар жаттығуда, дайындық кезінде, сыртта өтетін шараларда, басқа жағдайларда балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерге мұқият болуы маңызды.

Дабыл қағарлықтай белгілер байқасаңыз, сабырлы болыңыз және баламен абайлап сөйлесуге тырысыңыз.

«Мен сені бірдеңе мазалайтынын көріп тұрмын. Қаласаң, сол жайлы сөйлесек болады».

«Кім сені ренжітті?» деген сияқты жауыр сұрақтардан аулақ болыңыз. Сіздің басты мақсатыңыз — жауап алу емес, мұқият тыңдаушы болу.

Қазақстанның Қылмыстық кодексінде балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар жеке тарауда қарастырылған. Заңнама туралы мына жерден оқи [аласыз](#).



Жаттықтырушы зорлық-зомбылық белгілеріне қалай жауап беруі керек?

1

Жағдайды жазып алыңыз

Бақылауларыңызды, соның ішінде жаңа жарақаттар немесе мінез-құлық өзгерістерінің күндерін жазып алыңыз.

2

Сергек болыңыз

Баланың сөзіне, ым-ишарасына, қимылдарына мұқият назар аударыңыз.

3

Әңгімелесіңіз

Зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас ұстанымдарын қолдана отырып, баламен жұмсақ және мәжбүрлеусіз сөйлесіңіз.

4

Қысым жасамаңыз

Баланы оқиғаның барлық мән-жайын дереу айтуға мәжбүрлемеңіз.

5

Мамандарға хабарласыңыз

Жағдайды спорт психологына айтыңыз.

6

Баланың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда қамқоршылық органдарына не полицияға (102) хабарлаңыз.

7

Жазбаларыңызды сақтаңыз

Оқиға туралы кімге және қашан хабарлағаныңызды және қандай шара қолданғаныңызды жазып алыңыз.

Құзырлы органдармен байланыс



Егер сіздерде бар болса, спорт нысанындағы психологқа хабарласыңыз.

Баланың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне тікелей қауіп төнген жағдайда, қорғаншылық органдарына немесе полицияға (102) хабарласу қажет. Сіздің өтінішіңіз қабылданғаннан кейін құзырлы органдар балаға қолдау көрсете алатын және оның қорғалуын қамтамасыз ететін барлық қажетті мамандарды тартады.



Қорғаншылық және қамқоршылық органдары (жергілікті әкімдік, білім бөлімі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және Қазақстан Республикасының облыс орталықтарының қорғаншылық және қамқоршылық органдарының байланыстары, egov.kz).



Психологтар және дағдарыс орталықтары сияқты балаларды қолдау қызметтері. Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының тізімі және байланыстары.

103

Егер балаға шұғыл медициналық көмек қажет екенін көріп, түсінсеңіз, мына телефонға хабарласыңыз: 103.

Зорлық-зомбылық туралы хабарламағаны үшін жауапкершілік



Қазақстанда зорлық-зомбылық туралы хабарламағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған:



Әкімшілік жауапкершілік: 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап дене шынықтыру саласындағы жауапкершілік нормалары қатайтылды.

Толығырақ: ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 409-бап



Қылмыстық жауапкершілік: балаларға қарсы жасалған ауыр қылмыстар туралы хабарламау жазаланады.

Толығырақ: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 434-бап



Зорлық-зомбылық оқиғалары жайлы хабарламағаны үшін айыппұлдар:

- Жеке тұлғалар — 5 АЕК
- Лауазымды тұлғаларға — 10 АЕК
- Қайталап бұзу — 30 АЕК-ке дейін айыппұл салу

Толығырақ: ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 127-1-бап.

Supernovas — бұл коммерциялық емес жобасы

